

**Зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған жағдайда корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің инвестициялық кіріс шығынын өтеу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 103 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 770 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.09 № 770 Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 4-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған жағдайда корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің инвестициялық кіріс шығынын өтеу тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған жағдайда корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің инвестициялық кіріс шығынын өтеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 29 қаңтардан бастап күшіне енеді. <\*>

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.07. N 629 қаулысымен .**

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 29 қаңтардағы  
N 103 қаулысымен  
бекітілген

**Зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған жағдайда корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің инвестициялық кіріс шығынын өтеу ережесі**

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған жағдайда корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қор) акционерлерінің инвестициялық кіріс шығынын

өтеу тәртібін айқындайды.

2. Салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының нақты құнының азаюы салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының номиналды құны мен салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты құны арасында мынадай формула бойынша есептелген теріс айырма ретінде айқындалады:

$$S_n = (S_{n-1} + V_n) * (i_n / 100\%), \text{ мұнда}$$

$n$  - кезеңдер саны (кезең I айға тең);

$S_n$  - салымшының (алушының) есептік күнге (соңғы кезеңнен кейінгі кезеңнің бірінші күнтізбелік күніне) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты құны;

$S_{n-1}$  - салымшының (алушының) соңғы кезеңнің бірінші күнтізбелік күніне міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты құны;

$V_n$  - соңғы кезеңде келіп түскен міндетті зейнетақы жарналары;

$i_n$  - статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган есептеген соңғы кезеңдегі тұтыну бағаларының индексі.

3. Қор жыл сайын есептік жылдың I қаңтарындағы жағдай бойынша: есептік жылдан кейінгі жылдың бірінші айы ішінде салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты құнын есептеуді жүзеге асырады;

есептік жылдан кейінгі жылдың екінші айының он бесінен кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан-банктердің және сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты құнының азайғаны (азаймағаны), осы азаю сомасы және осы Ереженің 4 және 5-тармақтарының талаптарына сәйкес оны өтеу жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы мәліметтер ұсынады.

4. Қор салымшыларының (алушыларының) зейнетақы жинақтарының нақты құны азайған кезде уәкілетті орган қордың және оның акционерлерінің инвестициялық кірістің шығынын өтеу мерзімін көрсете отырып, қорға ұйғарым жібереді.

5. Қор меншік капиталы есебінен салымшылардың (алушылардың)

инвестициялық кірісінің шығынын уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімінде белгіленген талаптарына қордың нақты кірісі коэффициентінің сәйкес келмеуін жойған кезде, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым орнын толтыратын соманы шегергенде, міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты құнының азаюы мөлшерінде өтейді.

6. Салымшылардың (алушылардың) инвестициялық кірісінің шығынын өтеу үшін қордың меншікті капиталы болмаған немесе жетіспеген жағдайда оның акционерлері бірлесіп жауап береді және инвестициялық кіріс шығынын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтейді.